Gazet - halyqtyń kózi, qulaǵy hám tili

# Shet shuǵylasy

Shet aýdandyq qoǵamdyq-saıası gazeti | Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady | beısenbi, 2 jeltoqsan 2021 jyl №48 (10 8876)



ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Елбасы мұрасы

## ТӘУЕЛСІЗДІК - ТЕҢДЕСІ ЖОҚ БАҚЫТ

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы - әрбір қазақстандық үшін өте маңызды. Міне, енді бір санаулы күндерден кейін Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығын ресми түрде атап өтеміз. Халқымыз осы уақыт ішінде айтарлықтай жетістікке жетті. Тарих үшін аз уақыттың ішінде жаңа мемлекеттің іргесін көтеріп, жаңа қоғам құрылды.

Өткенсіз бүгін, бүгінсіз келешек жоқ. Кешегі тоталитарлық жүйе келмеске кетіп, халықтың "ендігі бағытымыз қалай болар екен?" деп аландағаны рас.

Елбасымыз осы жылдар ішінде тәуелсіздігіміздің тұғырын берік етіп, шекарамызды бекітті, тұрмыс түзеліп, әлеуметтің әлеуеті артты, ауылдарымыздың ажары кірді.

Кеңес Одағы ыдыраған тұста қираған ел экономикасы қалпына келді. Сөз жоқ, мұның бәрі Тұңғыш Президентіміз - Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген саясатының нәтижесі.

Осындай жетістіктерге жеткізген халқымыздың ауыз бірлігі, шыдамдылығы, Отанға деген сүйіспеншілігі мен болашаққа деген зор сенімі деп білемін. Бүгінгі күнде де ең басты мәселе - ынтымақ пен ауызбіршілік.

Мемлекетіміз Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен ядролық қарудан әлемде бірінші болып бас тартты. Ядролық қару ешқандай елге, халыққа жақсылық әкелмейтіні белгілі. Біздің қасиетті жерімізді ондаған жылдар бойы ойрандаған Семей ядролық полигонын жабу туралы жарлыққа Елбасымыздың қол қойғанына биыл тура отыз жыл толды.

Елімізде ұлтаралық татулық, дінаралық келісім берік орнығып, қоғамның тұрақтылығы қамтамасыз етілді. Бүгінде еліміздің экономикасы қарыштап дамып, ТМД мемлекеттері арасында оқ бойы алдамыз.

Осының бәрін саралай келе, біз Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығын лайықты қарсы алып отырмыз деп айтуға толық негіз бар.

**Әуесхан АМАНЖОЛТЕГІ,**
**баспасөз ардагері.**
**Доңғал бекеті.**

Баспасөз мәслихаты

## БАҒЫТ БАЯНДЫ, ІС ІЛКІМДІ

**Жалпы баламалы энергия көздерін дамыту бүгінгі күні елімізде аса бір маңызды мәселе болып отыр. 2017 жылы "ЭКСПО" халықаралық көрмесінің негізгі тақырыбы "Болашақтың энергиясы" болғанын жақсы білеміз. Бұл көрме Күн, Жел, су тәрізді баламалы энергия көздерін пайдалануда жаңа технология мен әзірлемелер ендіруге мүмкіндік берді.**

**Жуырда осы және басқа да маңызды мәселелер туралы облыс әкімі Жеңіс Қасымбек Нұрсұлтан қаласында Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында кеңінен тоқталып өтті.**

Облыс әкімінің айтуынша "Жасыл" энергетика облыс аумағында белсенді дамуда. Атап айтқанда, облыс аумағында бес күн



Қарағанды өңірі тұрғындарының 3 мың үйіне жеткізілді. Жақын арада Қарағанды, Теміртау және Жезқазғанның алғашқы тұтынушыларын газбен жабдықтау басталады. Тариф бір текше метр үшін 40,8 теңгені құрайды.

Сондай-ақ, Саран қаласына газ құбыры жұмыстары басталып, желтоқсан айының соңына дейін аяқтау жоспарлануда. Наурыз айынан бастап Жаңаарқа, Осакаров аудандарында және Шахтинск қаласында желілер құрылысы басталады.

Баспасөз мәслихатында Спорт саласы бойынша Қарағанды облысында балалардың спорт мектептеріне тегін кіруіне миллиардтан астам теңге бөлінген. Жан басына қаржыландыру жобасының нәтижесінде спорттың 17 түрі бойынша секцияларға бес мыңнан астам жас қарағандылықтарды тартуға мүмкіндік бергенін айтты.

# ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

2021 жылы Шет ауданының құрылыс бөлімі тарапынан Ақсу-Аюлы ауылына жаңа ықшам ауданының инженерлік коммуникациялық инфрақұрылым құрылысы және орталықтандырылған кәріз жүйесін тартуға жобалау сметалық құжаттарын әзірлеу бойынша мемлекеттік сатып алу порталында ашық конкурс берілген болатын. Мемлекеттік сатып алу Зандылығына сәйкес конкурста Талдықорған қаласының «ЖетысуГипроСтрой» ЖШС-і жеңімпаз атанды. Келісім - шартқа ағымдағы жылдың тамыз айында отырып, жобалардың ауқымдылығына байланысты тапсыру уақыты 7 ай мерзімді қамтиды. Қазіргі танда жобалаушылар тарапынан алдын ала сызбалары талқыланды. Аталған жоба аудан тарихында бұрынсонды болмаған, ауқымды көлеміне және орындау қиындығына байланысты бұл жобаны ауыл тұрғындарымен талқылау қажеттігі туындайды. Жобада тұрғын үйлер мен әлеуметтік, кәсіпкерлік және мемлекеттік мекемелердің орталық кәріз жүйесіне қосылу мүмкіндігі толығымен қамту көзделген. Осыған байланысты 2022 жылдың 14 қаңтар күні сағат 11.00 де аудандық мәдениет үйінің акт залында Ақсу-Аюлы ауылының тұрғындарымен қоғамдық тыңдалым өткізіледі.

---

10.12.2021 жылдан бастап "Қарағанды облысы Шет ауданы С.Сейфуллин кентінде 12 пәтерлі тұрғын үй салу құрылысы" жобасы бойынша бес жұмыс күні ішінде талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Жобалық құжаттамен танысуға, ескертулер мен ұсыныстар беру үшін Бірыңғай экологиялық порталда https://ecoportal.kz/ «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде болады.

Жобаға тапсырыс беруші-"Шет ауданының құрылыс бөлімі" ММ, Қарағанды облысы Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай жырау көшесі,161., тел.8-871-031-21590, stroishet@mail.ru

Жергілікті атқарушы орган - «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ тел. +7(7212) 56-81-66.expertiza.upr_krg@mail.ru

---

Проводятся общественные слушания в форме публичных обсуждений с 10.12.2021года в течение пяти рабочих дней по проекту "Строительство 12-квартирного жилого дома в поселке С.Сейфулина Шетского района Карагандинской области ".

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале https://ecoportal.kz/ в разделе «Опубликованные общественные обсуждения», для предоставления замечаний и предложений.

Заказчик проекта - ГУ"Отдел строительства Шетского района", Карагандинская область Шетский район с. Аксу-Аюлы, ул.Шортанбай жырау,161. тел.8-871-031-2159, stroishet@mail.ru

Местный исполнительный орган - ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» тел. +7 (7212) 56-81-66. expertiza. upr_krg @ mail. ru

**Шет ауданының құрылыс бөлімі.**

зде де төтенше жағдай бекітіліп, кейбір қалаларда карантин режимі орнағанда сабыр ете білу де аса сауапты амалдардың бірі екенін айтқым келеді. Басымызға іс түскенде Аллаға тәуекел ете білу, сол жағдайға сабыр ете білу де қиындықтарға көрсетілетін сабырдың бір түрі.

## Көңіл айту

Аудандық мәслихат аппараты аудандық мәслихат аппаратының көлік жүргізушісі Сағадиев Жаңбыр Ермекұлына бауыры

**Жанаттың**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

## Көңіл айту

Ақжал кенті әкімдігі аппараты, Ақжал кентінің ақсақалдар алқасы

**Сағадиев Жанат Ермекұлының**

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, туғантуыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

# ХАБАРЛАНДЫРУ

31.10.2021 жылы қайтыс болған Шатеков Аждар Демесиновичтің атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Г.Сұлтановаға хабарласуға болады. Мекен жайы: Шет ауданы, Ақадыр кенті, Абай даңғылы, 31 үй, тел: 87017481127.

Нәрікұлы тірі болып орта
желтоқсан айының 3-і күн
еді. Бақилық болған ботас
сы, өкініш өзектерін өрт
бүгінде тағдыр тезіне көнге
Қолдан келер шара жоқ. А
ны мен алдына қойған ма
алмай кеткен Ердәулетімі
көре алмаған қызықтарын
болып, жатқан жері жайлы
топырағы мамық болсын
алып, рухына дұға бағышта

Өшпейді бейнең өмірден
Арамыздан мәңгіге кетк
Ойсыраған көңілді толт
Саған деген кимастық к

**Еске алушылар:** анасы -
**раш, Нұрхат-Венера, Руслан**
**бауырлары.**

# ХАБАЛ

1.Жоба атауы:«Ақадыр
әзірлеу».
2.Ықпал ету аймағы:
Ақадыр ауылы.
3.Жария талқылау
21.12.21ж. мен 27.12.21ж.
порталында «ecoportal.kz»
4.Тапсырыс беруші: «N
Мекен-жайы: Қарағанды
Промзона к., №1 үй, тел:
5.Әзірлеуші: «Стро
040440005636, Мекен-жайы:
7132-90-82-41.
6.Қоғамдық тыңдаулар
сілтеме бойынша танысу
www.gov.kz/memleket
press?lang=ru
7.Жоба құжаттары
aktolgai97@mail.ru мекен
телефоны бойынша алуға
8.Ескертулер мен ұсын
ның электрондық және п
болады:ecoportal.kz сілтеме
Лобода көшесі № 20 үй, Қ
старды және табиғатты пай
трондық пошта: expertiza
166.

---

1.Наименование проекта:
Агадырь».
2.Территория воздействия
район, п.Агадырь.
3.Общественные слушания
водятся с 21.12.21г. по 27.12.
«ecoportal.kz».
4.Инициатор: ТОО «Nova
Карагандинская обл.,Шетски
№1, тел: 8-71036-33101.
5.Разработчик:ТОО «Стро
Адрес: г.Актобе, ул. Джамбул
6.Материалы проекта разм
/www.gov.kz/memleket/entities
7. Дополнительную инфор
получить по адресу aktolgai9
9846.
8.Замечания и предложени
и по адресам: г.Караганда, у
ресурсов и регулирования при
ласти,эл.адрес: expertiza.upr_k

230 x150
34500